

"Шал ақын ауданы Юбилейный селолық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы" Шал ақын ауданы Юбилейный селолық округі әкімінің 2010 жылғы 8 қазандағы N 7 шешіміне өзгертулер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Юбилейный селолық округі әкімінің 2012 жылғы 22 маусымдағы N 2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 20 шілдеде N 13-14-154 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-11 Заңының 35-бабы 2-тармағы, 37-бабы, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4) тармақшасы, Қазақстан Республикасы Заңы 21-бабы, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурызынан № 213, Юбилейный селолық округі Крещенка селосы азаматтарының жиындағы шешімін ескере отырып, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Шал ақын ауданы Юбилейный селолық округі әкімінің 2010 жылғы 8 қазанындағы № 8 «Шал ақын ауданы Юбилейный селолық округінің елді-мекендерінің көшелеріне атаулар беру» шешіміне (2010 жылғы 28 қазанда № 13-14-110 нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелімінде тіркелген) келесі өзгертулер енгізілсін:

1 тармақта 1) тармақша жаңа басылымда баяндалсын:

«1) Крещенка селосы бойынша:

Бірінші көшеге – Новая,

Екінші көшеге – Степная,

Үшінші көшеге – Школьная,

Төртінші көшеге – Береговая,

тұйық көшелерге солтүстіктен оңтүстікке қарай келесі атаулар берілсін:

Бірінші тұйық көше – Александр Гельман атындағы,

Екінші тұйық көше – Антон Энгель атындағы,

Үшінші тұйық көше – Василий Горбенко атындағы,

Төртінші тұйық көше – Қыдыр Ескендіров атындағы,

Бесінші тұйық көше – Ардагерлер.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде іске енгізілсін.

Селолық округ әкімі

С. Балахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК